

Қазақстан Республикасы Конституциясының 54-бабы 7) тармақшасын ресми түсіндіру туралы

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2001 жылғы 13 желтоқсандағы N 16-17/3 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі, құрамында Төраға Ю.А.Хитрин, Кеңес мүшелері Н.І.Өкеев, Ж.Д.Бұсырманов, А. Есенжанов, А.К.Котов, Қ.Ә.Омарханов және В.Д.Шопин қатысқан, мына өкілдердің:

өтініш субъектісінің - Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты В . Б . К о с а р е в т і н ,

Республика Әділет министрлігінің - әділет вице-министрі Н.В.Белоруковтың, Республика Сыртқы істер министрлігінің - халықаралық-құқық департаментінің халықаралық шарттар бөлімі бастығының міндетін атқарушы А.Қ.Кинжебаеваның, халықаралық-құқық департаменті халықаралық-құқық проблемалары бөлімінің референті Н . Ш . М ұ қ а е в т і н қатысуымен,

өзінің ашық отырысында Қазақстан Республикасы Парламенті депутаттарының Қазақстан Республикасы Конституциясының 54-бабы 7) тармақшасын ресми түсіндіру жөніндегі өтініштерін қарады .

Қолда бар материалдарды зерделеп, баяндамашылар - Кеңес мүшелері Н.І.Өкеев пен Қ.Ә.Омархановтың және отырысқа қатысушылардың сөйлеген сөздерін тындап шығып, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі мынаны анықтады:

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесіне 2001 жылғы 20 қарашада Қазақстан Республикасы Парламенті депутаттарының Қазақстан Республикасы Конституциясының К951000_ 54-бабы 7) тармақшасына ресми түсіндірме беру жөніндегі екі өтініші келіп түсті.

Өтініш беруге, Республика Үкіметі "Дүниежүзілік пошта одағының Жарғысына Бесінші қосымша хаттаманы бекіту туралы" P010965_ және "Дүниежүзілік пошта одағының Жарғысына Алтыншы қосымша хаттаманы бекіту туралы" P011345_ заңдардың жобасын, сондай-ақ "Халықаралық электр байланысы одағының Жарғысы мен Конвенциясына түзету құжаттарын бекіту туралы" P010524_ заңның жобасын Республика Парламенті Мәжілісіне қарауға енгізуі себеп болған.

Қазақстан Республикасы 1992 жылғы 27 тамызда Дүниежүзілік пошта одағының Жарғысына (бұдан әрі - ДПО Жарғысы), ДПО-ның төрт қосымша хаттамасына және өзге де құжаттарына, ал 1994 жылғы 28 шілдеде - Халықаралық электр байланысы одағының Жарғысы мен Конвенциясына (бұдан әрі - ХЭО Жарғысы мен Конвенциясы)

қосылды. Бұл халықаралық құжаттар Республика Парламентінде бекіту рәсімінен өтпеген.

Өтініште атап көрсетілгені, заңдардың жобаларын талқылау барысында жоғарыда аталған халықаралық актілерді бекітудің мүмкіндігі туралы мынадай: олар бекітуге жатпайды, өйткені негізгі құжаттар - ДПО Жарғысы және ХЭО Жарғысы мен Конвенциясы - бекітілмеген; оларды заңмен бекіту мүмкін; Үкімет актілерін қабылдау жеткілікті, деген әртүрлі жорамал айтылған.

Баяндалғанды ескеріп, Парламент депутаттары өздерінің өтініштерінде Қазақстан Республикасы Конституциясының 54-бабы 7) тармақшасына жоғарыда аталған жағдайға қатысты қолданыста түсіндірме беруді сұрайды.

Өтініштерде Республика Конституциясының сол бәз бір нормаларын сол бәз бір мәселелер бойынша түсіндіру туралы сөз болатындықтан, Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" U952737_ конституциялық заң күші бар Жарлығының 26-бабы 2-тармағына сай өтініштер бір іс жүргізуге біріктірілді.

Республика Конституциясының нормаларын және конституциялық іс жүргізу материалдарын талдап шығып, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі мынаны ескерді.

Республика Конституциясының K951000_ 54-бабы 7) тармақшасына сәйкес, Республиканың халықаралық шарттарын бекіту және олардың күшін жою Парламенттің өкілеттігі болып табылады. Одан тыс, Конституцияның 54-бабы бұл аталған құқықты жүзеге асыру тәртібін көздейді - Парламент Палаталардың бөлек отырысында мәселелерді әуелі Мәжілісте, ал содан кейін Сенатта өз кезегімен қарау арқылы Республиканың халықаралық шарттарын бекітеді және олардың күшін жояды.

Бекітуге жататын халықаралық шарттардың тізбесі мен оларды жүзеге асыру тәртібін белгілеуге келер болсақ, Конституцияда ол жөнінде қандай да болсын норма жоқ.

Басқа бір, "Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабы 3-тармағын ресми түсіндіру туралы" 2000 жылғы 11 қазандағы N 18/2 S000018_ қаулыда Конституциялық Кеңес сондай-ақ, халықаралық шарттар Конституцияға сәйкес болуға тиіс, және оларды жасасу тәртібі заңдармен белгіленеді, ал бекіту заңмен белгіленген жағдайларда Республика Парламентінің тиісті заң қабылдауы арқылы жүзеге асырылады, деп түсіндірген болатын.

Осылайша, Республика Конституциясының K951000_ 54-бабы 7) тармақшасы, өтініш нысанына қатысты қолданыста, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын бекіту жөніндегі өкілеттік Республика Парламентінің төтенше құзыры болып табылады дегенді білдіреді. Бекітуге жататын шарттардың тізбесі мен бекітуді жүзеге асыру тәртібі заңдармен белгіленеді. Бекіту және күшін жою туралы заңдардың нормаларын қолдану барысында туындаған нақты жағдайларды бағалау, және олар

бойынша шешім қабылдау Парламенттің құзырына жатқызылған. Конституциялық Кеңестің өкілеттігіне бұл кірмейді.

Ескерту. Қаулының дәлелдеу бөлігіне өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2008.09.24 N 7 Нормативтік қаулысымен.

Баяндалғанның негізінде, Қазақстан Республикасы Конституциясының К951000_72-бабы 1-тармағының 4) тармақшасын, Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" У952737_конституциялық заң күші бар Жарлығының 17-бабы 3-тармағының 1) тармақшасын, 32, 33, 37 және 41-баптарын басшылыққа алып, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Конституциясының К951000_54-бабы 7) тармақшасы, өтініш нысанына қатысты қолданыста, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын бекіту Қазақстан Республикасы Парламентінің құзыретіне жатады дегенді білдіреді. Бекітуге жататын халықаралық шарттардың тізбесі мен бекітуді жүзеге асыру тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленеді.

Қазақстан Республикасының Парламенті Республиканың халықаралық шарттарын бекіту және олардың күшін жою туралы мәселелерді дербес түрде шешеді.

2. Қазақстан Республикасы Конституциясының 74-бабы 3-тармағына сәйкес осы қаулы оны қабылдаған күннен бастап күшіне енеді және шағымдануға жатпайды, Республиканың бүкіл аумағында жалпыға бірдей міндетті және Қазақстан Республикасы Конституциясының 73-бабы 4-тармағында көзделген жағдайды ескеріп, түпкілікті болып табылады. 3. Осы қаулы республикалық ресми басылымдарда қазақ және орыс тілдерінде жариялансын. Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің Төрағасы Мамандар: Қасымбеков Б.А. Багарова Ж.А.